



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

30.03.2026 № 38

Астана қаласы

город Астана

**2026 жылдың сәуір айынан бастап
мектеп оқушыларының үлгілік
мәзірі мен құнының өзгеруі туралы**

Білім туралы Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 2-тармағының 11) тармақшасын, 48-бабы 6-тармағын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген Қаржылық және материалдық көмек көрсетуге арналған қаражатты қалыптастыру, бағыттау және бөлу ережесін, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген Тамақтандыруды ұйымдастыру ережесін, сондай-ақ Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтандыру Стандартының 3-тарауының 64, 66-тармақтарын орындау үшін, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығы мен Астана қаласы білім басқармасының 2026 жылғы 27 наурызындағы № 686 бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес 2026 жылдың 1 сәуірінен бастап Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы бекіткен 2026 жылғы 19 наурыздағы үлгілік перспективалық мектеп мәзіріне сәйкес Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназияның білім алушылары жаңартылған ас мәзірімен тамақтандырылсын.

2. Бір оқушыға күніне бір реттік ыстық тамақтың құны үлгілік перспективалық мектеп мәзіріне сәйкес мынадай мөлшерде бекітілсін:

- 1-4 сынып оқушылары үшін - 887 теңге (ҚҚС қоса 1029 теңге);
- 5-9 сынып оқушылары үшін - 971 теңге (ҚҚС-мен 1127 теңге);
- 10-11 сынып оқушылары үшін - 1033 теңге (ҚҚС-мен 1199 теңге).

3. Есепші мамандар 2026 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді жеткізушілер мен жасалған шарттарға өзгерістер мен толықтырулар егізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әлеуметтік педагог Ф.Т.Тулегенге жүктелсін.

Мектеп директоры



А.Рамазанова